

***«Оқуға құштар мектеп»
жобасы***

***Тақырыбы: «Ғасырдың дана
перзенті»***

Кітапхана меңгерушісі: Г Сейдуалиева
Кітапханашы: Ж. Асанова

Тақырыбы: «Ғасырдың дана перзенті»

Мақсаты: Оқушыларға қазақ елінің бір туар азаматы Д. А. Қонаев туралы жан – жақты түсінік қалыптастыру, кемеңгер тұлғаның мемлекетке және халқына сіңірген еңбегін, ерлігін, қажырлы жүргізген саясатын үлгі ету, оқушылар бойына халқымыздың құндылықтарын сіңіріп тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Д. А. Қонаевтың суреттері, ғылыми еңбектері, баспасөз материалдарында жарияланған мақалалар, видеолар.

Барысы:

Кітапханашы: - Армысыздар құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін 12 – қаңтар еліміздің бір туар азаматы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туған күні. Осы атаулы күнге орай «Оқуға күштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылып отырған «Ғасырдың дана перзенті» атты кітапхана сабағына қош келдіңіздер!

Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығы мен, терең білім, ақыл – парасаты мен дараланған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Бабалар әруағын ашынайы берілген, халқына сүйкімді, ұлтқа қадірлі, шыныдай мөлдір, аса білікті адам. Егемендікті алғанда халқының алдында балаша қуанып шығып, адал ойын білдірген «Ту жығылмасын, Туды ұстаған ұл жығылмасын»- деп тәңіріне сыйынып халық пен бірге қуанып, келешекке сенген. «Болашақ жастардікі, ақиқаттан аттауға болмайды»- деген ойын ашып айтты. «Таулар алыстаған сайын асқақтай береді»- деген сөз бар. Ел мен жұртына қадір – қасиеті мен танылған адамдар да сондай. Айлар алмасып, жылдар көшіп жылжыған сайын олардың даналығы мен даралығы ерекшелене түседі. Елі сағынады, халқы қадір - қасиетін, адамгершілігі мен асыл бейнесін асқақтатады. Бұл күн бәріміздің биік парасат, асыл адамгершілік, халқына деген қамқорлықтың үлгісін таныта білген ұлы адамды сағына еске алатын күніміз.

Видео №1 («Дінаға» әні)

1 - жүргізуші: Ұлы Димашты бола ма, ұмытуға,

Ол - кемеңгер, ғажайып ұлы тұлға!

Жалғыз өзі жарады қапас күнде,

Ұлан байтақ даланы көркейтуге.

2 - жүргізуші: «Елім» дейтін ер болмаса,

«Ерім» дейтін ел қайдан болсын?! Халықтың қалауына, ығына жығылған басшының басты мақсаты да осы болуы керек. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ел үшін қызмет етіп, аянбай тер төкті. Ол адалдықты, шындықты ту еткен, халық үшін қалтқысыз қызмет еткен перзент. Ендеше елін танытқан еріміздің өміржолына шолу жасап өтейік.

Өмірбаяны

- 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, қызметкердің отбасында өмірге келген.

- Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылытуған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген. Қазақ, орыс тілдерінде жаза, оқи білетін сауатты болған.

- Анасы, Зәуре Байрқызы үй шаруасында бала тәрбиесі мен айналысқан.
- 1930 жылы – Алматыдағы №14 орта мектепті бітіргеннен кейін, 1931 - 1936 жылдары – Қазақстан Өлкелік комсомол комитеті Қонаевты Мәскеудің Түсті металл институтына оқуға жібереді.

1 - жүргізуші: Өшпейді ғой, өлмейді ғой ұлы еңбек,

Елің барда мәңгі бақи еленбек.

Ел үшін атырам деп жарықтанды,

Сіңірді жан аямай ол көп еңбек – деп Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбек жолы туралы айтып өтейік.

Еңбек жолдары

1936 жылы – Институтты ойдағыдай бітіріп, тау – кен инженері мамандығын алған Д. Қонаев 1937 - 1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болды.

1939 жылы – Екінші дүниежүзілік соғысының киын күндерін де тылдағы жұмысты ұйымдастыруда іскерлігімен көзге түсіп, “Алтай полиметалл” комбинаты бас инженерінің орынбасары, Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарды.

1939 жылы – КОКП мүшелігіне қабылданды.

1942 - 1952 жылдары - Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етті. Осында жүргенде Қазақстан ғалымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды.

1955 - 1960 жылдары - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болды.

1960 - 1986 жылдары – Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарды.

1- жүргізуші: Ғұмыр кешпей қарабастың камы үшін,

Қорғадыңыз ел мен жердің намысын.

Тарих өзі таразылар, танытар,

Ұлық казак Қонаевтың сан ісін.– Димаш Ахметұлы Қонаевтың ел басқарған кезеңі 1955 - 1986 жылдары. Осы жылдарда Қазақстанның экономикасы 7 есе өсіпті. Мыңдаған елдімекендер пайда болған, 68 жұмысшы поселкесі, 43 қала салыныпты. Халықтың саны өсті, ол республика қуатының өркендеуіне қол жеткізді.

2 - жүргізуші: Көз суғарып таулардың тұлғасына,

Дінмұхамед деп жазам жыр басына.

Жыр басына жазбайын неге, ағайын,

Мұңдасыма айналса, сырласыма?!

Қаламымды малып ап жыр жазамын,

Димаш деген бұлақтың тұнбасына.

Димаш десем, жанарым нұрға толған,

Сауыт кеудем патша өлең, жырға толған – деп Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамызға арналып жазылған өлең – жырларға берейік.

1-оқушы: Дінмұхамед-Ұлы тұлға ардақты,

Дінмұхамед-бар асылдан салмақты.

Дінмұхамед-күллі әлемге танылған,
Кісіліктің шамшырағы жан-жақты.
Дінмұхамед заманадан биік тұр,
Даналығы мәңгілікке сыйып тұр.
Қасиетті ұл, қабырғалы еліне,
Шыққан күнмен шапағатын құйып тұр.

2-оқушы

Димаш – аға ардақты әке, ұлы ата,
Ұлылығын ұлықтаймыз ұната.
Дінмұхамед Қонаевты біледі,
«Туысым» деп, бар қазақтан сұраса

3-оқушы

Қайратыңды қазағыңа арнадың,
Үлгі болған ұрпақтарға саналы.
Жарқын ісің қай кезде де бағалы
Қазақ қанша дана халық дегенмен,
Күнде тумас сіз секілді дараны

4-оқушы: Ерек жансыз еліктеткен естіні,
Ақиқатқа құлдық болған бес күні.
Енселі етіп ескерткіштер соққанмен,
Енді өзің бола алмайды ешбірі.

Теңгерілмес небір асыл алтынға,
Ұлылықтар сенің заңғар парқыңда.
Тау бейнеңмен жүректерде қаласың,
Димаш ата аласармас тау тұлға.

5-оқушы

Димаш аға аяулы ағатайым,
Сағынды ғой өзен, кел, бала қайың.
Алтын нұрдан жаралған асылым-ай,
Қазағымның өзіндей қарапайым.
Мәңгілікке өтсең де арамыздан,
Шықпай қойдың бір сәт те санамыздан.
Жүріп өткен жолыңда ойша шолып,
Сағым жүзген іздедім даламыздан.

1- жүргізуші: Дүниенің сұмдығын жүре көрген,
Дінмұхаммед кісі емес жүрегі өлген.
Алатауы болатын алты алаштың,
Ғасырлардың төрінен түрегелген – демекші заманымыздың заңғар тұлғасы
Димаш Ахметұлы Қонаевтың халық үшін, еліміз үшін жасаған еңбегі көзі
тірісінде де жоғары бағаланды. Оған КСРО - дай алып державаның ең
жоғары – Социалистік Еңбек Ері атағы үш рет берілді, ең жоғары ордені –
Ленин орденімен 8 рет марапатталды. Сөйте тұра оның сіңірген еңбегін

ұмытып, бір күнде бәрі теріс айналған кездері де болды. Шың мәнісінде Д. А. Қонаев еліміздің іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан..

2 - жүргізуші: Жесірге пана болды,
Жетімге жаға болды.

Дінін сүйген дара болды,

Елу жыл елге аға болды – демекші, Д. А. Қонаевтың көзі тірісінде жеке адамдарға жасаған жақсылық, рахым, шапағатында шек жоқ. «Қазағым», «Елім» деп өмір сүрген тұлғаның нақыл сөздері

Видео №4 (Д.Қонаевтың нақыл сөздері)

1-жүргізуші : Димаш ағамыздың марапаттары-
Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері (1972, 1976, 1982)

8 рет Ленин ордені

Еңбек Қызыл Ту ордені

Медальдар иеленген.

2-жүргізуші

Д.Қонаев туралы қызықты мәліметтер

Дінмұхамед Қонаев – КСРО да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ. Ол КСРО ның ішкі және сыртқы саясатын басқаратын 15 мүшелік политбюро мүшесі болған.

Отбасында 11 баланың 4-шісі.

Бойы 198 см. 46 өлшемдегі аяқ киім киген.

Хобби: кару-жарақ коллекциялаған, аңшылықты ұнатқан.

1-жүргізуші

Қонаевтің жеке күзетшілері болмаған. Басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде Қонаев жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып келіп жүрген. Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақыдан бас тартқан.

Шағын пәтерінде (казір мұражай) 24 жыл өмір сүрген, пәтер ауданы 200 шаршы метр.

2-жүргізуші

Ардақтылар қалар мәңгі Ел есінде,

Ғасырлар мұхитының белесінде.

Мәңгілік Димекең де бізбен бірге,

Мәңгілік «Қазақстан» кемесінде – демекші, әттең, өмір шолақ, дүние керуен.

Елдің сый құрметіне бөленген көзінің тірісінде қазақ халқының ұлы

тұлғасына айналған Д. А. Қонаев 1993 жылдың 22 маусымында Алакөл

жағасындағы демалыс үйінде жүрек талмасынан кенеттен дүние салды. Бірақ Димаш атаның аты әр қазақтың жүрегінде ән болып жатталып қала бермек.

1-жүргізуші



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірден өткен соң, 1994 жылы Д. А. Қонаевты есте қалдыру жөнінде Президент Н. Ә. Назарбаев кол қойған Жарлық шықты. Соған орай ол жұмыс істеген мекемеге, институтқа оның аты берілді. Тек Алматыда ғана емес, республиканың жер-жерінде, елді мекендерде де Қонаев атындағы көшелер бар. Тіпті жер-жерлерде оған ескерткіш те қойылып жатыр

Кітапханашылар : Батыр ұл есімдері сақталады,

Жыр болып жүректерге жатталады.

Ғасырдан ғасырларға аңыз етіп,

Ұрпағы мәңгі бақи мақтанады. – деп атсалысқан балаларға алғысымызды айта отырып, бүгінгі кітапхана сабағымызды аяқтаймыз, сау саламатта болыңыздар!

Кітапхана меңгерушісі:

Г. Сейдуалиева

Кітапханашы:

Ж. Асанова